

"Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін, сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысына өзгерістер енгізу және оның нормаларының қолданылуын тоқтату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 509 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін, сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 39, 474-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасында:

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Көлік құралының тежеуін басқаруды тексеру көлік құралының санатына байланысты мынадай роликтік тежеуіш стенділерімен жүргізіледі:

1) N3 және 04 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 16 тоннадан кем емес ;

2) M2, M3, N2, O3 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 10 тоннадан кем емес ;

3) M1, N1, O2 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 2 тоннадан кем емес ;

4) L3, L4, L5 санаттары үшін 1 доңғалаққа түсетін барынша салмақ 0,6 тонна.

4 1 - т а р м а қ т а :

- 4) тармақшаның он үшінші абзацы алынып тасталсын;
6) тармақшаның он алтыншы және он жетінші абзацтары алынып тасталсын;
7) тармақшаның төртінші, жетінші және оныншы абзацтары алынып т а с т а л с ы н .

2) көрсетілген қаулымен бекітілген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің бұдан кейінгі міндетті техникалық байқаудан өту мерзімі бастапқы міндетті техникалық байқаудан өту күнінен бастап есептеледі.

Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу кезеңділігінің 1-тармағының 1) тармақшасының қолданысы 2011 жылғы мамыр - қыркүйек аралығында мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткен, шығарылған жылын қоса алғанда, 7 жылдан асатын, таксиді қоспағанда, жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша орталық атқарушы органда тіркелген М1 санатты механикалық көлік құралдарына қолданылмайды.

Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу кезеңділігінің 3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген механикалық көлік құралдары:

1) мемлекеттік техникалық байқаудан:

2011 жылғы мамырда өткендер 2012 жылғы қарашада міндетті техникалық байқаудан өтеді;

2011 жылғы маусымда өткендер 2012 жылғы желтоқсанда міндетті техникалық байқаудан өтеді;

2) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан:

2011 жылғы шілдеде өткендер 2013 жылғы қаңтарда міндетті техникалық байқаудан өтеді;

2011 жылғы тамызда өткендер 2013 жылғы ақпанда міндетті техникалық байқаудан өтеді;

2011 жылғы қыркүйекте өткендер 2013 жылғы наурызда міндетті техникалық байқаудан өтеді. "

3) көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысаны осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаулымен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 34-тармағы 6) тармақшасының және 44-тармағының қолданылуы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін

т о қ т а т ы л а

т ұ р с ы н .

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін және 2013 жылғы 1 сәуірге дейін қолданылатын осы қаулының 1-тармағының он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

24

сәуірдегі

№

509

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

17

мамырдағы

№

523

қаулысымен

бекітілген

Нысаны

№ _____ техникалық байқаудың диагностикалық картасы

АКҚ тексеру орыны:

☐ Бастапқы тексеру

☐ Қайталап тексеру

Мемлекеттік тіркеу белгісі:				Марка, модель:				Шығарылған жылы:			
Модель, қозғалтқыш №:				шанақ №:				шасси (рама) №:			
Сәйкестендіру нөмірі VIN:											
АКҚ меншік иесі:				АКҚ меншік иесінің өкілі:							
Тіркеу құжаты:				Серия:				Нөмірі:			
100	Тежеу жүйесі	Жұмыстық тежеу жүйесінің үлестік тежегіш күші		101	Тұрақтық тежеу жүйесінің үлестік тежегіш күші	102	Донғалақтардың тежегіш күшінің салыстырмалы айырмашылығы	103	Пневматикалық тежеу жетегінің герметикалығы	104	
Гидравликалық тежеу жетегінің герметикалығы		105	Манометр, сигнал беру жүйесі	106	Сығымдалған ауа қысымы	107	Жұмыстық тежеу жүйесінің іске қосылу уақыты	108	Тежеу кезіндегі желілік ауытқу	109	
		110		111							

Қосалқы тежеу жүйесі				Те же у жүйелері элементтерінің жай-күйі						
200	Рульмен басқару		Жиынтық люфт	201	Бөлшектердің ығысуы, бұрандалық қосылыстардың бекітілуі	202	Рульмен басқаруды күшейткіш	203	Рульмен басқару элементтерінің жай-күйі	204
300	Сыртқы жарық аспаптары		Алыс және жақын жарық фаралары, қосымша фаралар	301	Тұманға қарсы фаралар	302	Те же у сигналдары	303	Габариттік жарық, артқы, тұманға қарсы жарық	304
Бұрылысты нұсқағыштар, авариялық сигнал беру		305	Тіркеу белгісін жарықтандыру шамы	306	Артқы жүріс жарығы	307	Ж а р ы қ тойтарғыштар	308	Автопоезд белгісі	309
400	Желқағар әйнектердің әйнек тазалағыштар, әйнек жуғыштары		Әйнек тазалағыштар	401	Әйнек жуғыштар	402				
500	Доңғалақтар мен шиналар		Протектордың тозуы	501	Шиналардың зақымдалуы	502	Шиналарды орнату	503	Доңғалақтардың дискілері мен құрсауларының бекітілуі, жай-күйі	504
600	Қозғалтқыш және оның жүйелері		СО және СН құрамы	601	Дизельді қозғалтқыштың түтіндегіштігі	602	Қоректену жүйесі	603	Шығару жүйесі	604
700	Конструкцияның басқа элементтері		Тіркеу белгілері	701	Көлік құралының таңбалануы	702	Артқы көрініс айналары	703	Дыбыстық сигнал	704
Әйнектер (шолу ауқымы, ашықтығы)		705	Спидометр	706	Аспаның, кардан берілісінің элементтері	707	Жүргізушінің отырғышын реттеу тетіктері	708	Есіктердің құлыптары, борттардың, шанның ілмектері	709
Есіктерді басқару жетегі		710	Авариялық шығаберістер	711	Айдап кетуге қарсы құрылғылар	712	Әйнектерді жылыту және желпіту құрылғылары	713	Лайдан қорғағыш алжапқыштар; шашыратқыштар	714
Іліністік құрылғы		715	Медициналық қобдиша, өрт сөндіргіштер, авариялық тоқтау белгісі	716	Жылжуға қарсы тіректер	717	Қауіпсіздік белдіктері	718	Көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгертулер	719
Жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келеді								Жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келмейді:		
Тексеру жүргізілмеген:										

Тексеру барысында анықталған ақаулықтар туралы ескертулер және қосымша ақпарат:	
---	--

АКҚ техникалық жай-күйіне тексеру жүргізген:

Күні: _____
(Тексеруді жүргізген маманның
аты-жөні, қолы)

Техникалық байқау орталығының (ТБО) қорытындысы:

АКҚ _____
(ақаусыз/ақаулы) (ТТО маманының лауазымы) (күні, қолы)